

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2022 жылғы 6 мамырдағы ДС-166 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің әскери-патриоттық тәрбиеге қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Балалардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, оларды туған өлкеге, еліне және оның тарихына деген сүйіспеншілікпен тәрбиелеу білім берудің барлық деңгейінде, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында және үлгілік оқу бағдарламаларында қамтылған.

Мектепке дейінгі мекемелерде оқу процесі балалардың жасына орай батырлар жырларымен, салт-дәстүрлерді үйретуге бағытталған құралдармен, ертегілермен толықтырылған.

Мектептерде тәрбие жұмысы Тәрбие қызметінің тұжырымдамасы негізінде жыл сайын әзірленетін жалпы мектептік оқу-тәрбие жоспары арқылы жүзеге асырылады. Тұжырымдамада 8 басым бағыт көзделген (*қазақстандық патриотизм мен азаматшылдықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасы тәрбиесі; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; полимәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; дене тәрбиесі, салауатты өмір салты*).

Мектептердегі тәрбие бағытын пәндік мұғалімдер, 6 мыңнан аса директордың тәрбие ісі бойынша меңгерушілер, 150 мыңнан аса сынып жетекшілер іске асырады.

Сонымен қатар патриоттық тәрбие бағытында республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымдарында 2,2 млн астам оқушы қамтылған (*оның ішінде «Жас қыранда» 1 млн бастауыш сынып оқушысы, «Жас ұланда» 1,2 млн негізгі және жоғары сынып оқушылары бар*). Алдағы уақытта 1-4 сынып оқушыларының 72%, 5-10 сынып оқушыларының 80%, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының қызметімен 230 мыңнан астам колледж студенттерін қамту көзделуде.

«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында мектеп оқушыларының қатысуымен «Қазақстандық жас патриоттар академиясы» құрылды. Ағымдағы жылғы 24 сәуір мен 13 мамыр аралығында осы орталық базасында М. Мәметованың және Х. Доспанованың 100 жылдығына орай «Ұрпақтар есте сақтасын!» әскери-патриоттық клубтар мен бірлестіктердің республикалық жиыны өткізілді.

Өңірлердің білім беру ұйымдарында түрлі тақырыптық іс-шаралар (*«Тіл тағдыры – ел тағдыры», «Ана тілім – айбыным», «Мемлекеттік тіл - ел бірлігінің кепілі» және т.б.*),

кештер, челленджер, әскерилендірілген эстафеталар, жастар арасында «Отан қорғаушы», «Сұңқар» жарыстары өткізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласында республика бойынша тұңғыш рет «JAS TARLAN» әскери-патриоттық, спорттық орталығы ашылды. Онда «Жауынгерлік даярлық», «Атыс», «Әскери робототехника және дизайн» және т.б. бағыттар қарастырылған. Әрбір бағыт бойынша нұсқаушылар мен жаттықтырушылардың штаттық бірліктері бар және аптасына 450-500 оқушы қамтылады.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау және дәріптеу бойынша ағымдағы жылғы мамыр айында 170 білім алушының қатысуымен «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойынының республикалық финалы өткізілді.

Сонымен қатар жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені күшейту мақсатында Қорғаныс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігін құрды.

Қазіргі кезде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық ұйымының саны 7968 бірлікті құрайды (*қатысушылар саны 239045 адам*), оның ішінде әскери-патриоттық клубтар – 6 519 (*210731 адам*), «Жас сарбаз» сыныптары – 1061 (*21877 адам*), «Smart sarbaz» үйірмесі – 388 (*6437 адам*).

Сондай-ақ әскери-патриоттық тәрбие беру Алғашқы әскери дайындық сабақтарында іске асырылады, оларды 5728 педагог-ұйымдастырушы жүргізеді.

«Бір тұтас ұлт – Бір тұтас әскер» жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленіп, Қорғаныс, Ішкі істер, Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктерінің бірлескен бұйрығымен бекітілді. Бағдарламада жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің мақсаттары, міндеттері, жүзеге асыру мерзімдері, нысаналы индикаторлары, қаржыландыру көздері және күтілетін нәтижелер айқындалған. Бағдарлама өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруді одан әрі жетілдіруге жаңа серпін береді.

Қорғаныс министрлігімен Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу қағидаларының жобасы әзірленуде. Аталған жоба Қазақстан Республикасының азаматтарына әскери патриоттық тәрбие беруді ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін айқындайды.

Министрлікпен ағымдағы жылы балаларға әскери-патриоттық бағыттың бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар бойынша педагогтар мен мамандардың білімін жаңарту және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында білім беру ұйымдарының әскери-патриоттық клубтарының 125 педагогы үшін біліктілікті арттырудың 2 курсы ұйымдастырылды және өткізілді.

Әр курстың жалпы көлемі – 80 академиялық сағат. Курс бағдарламасы 4 негізгі модульден тұрды. Курс бағдарламалары жастарға азаматтық және патриоттық тәрбие берудің қазіргі заманғы технологияларын, білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық тәрбиенің ерекшеліктерін қамтиды.

Аталған бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов